БЕКІТЕМІН
Республикалық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана директорының м.у.а.
_____ Ж.Қ. Кенжебекова
«___» _____ 2026 жыл

БАҒДАРЛАМА

ОНЛАЙН КӘСІБИ ПРАКТИКУМ

Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханалардың библиографиялық қызметі: практика, инновациялар және кәсіби даму

Өткізу күні: 2026 жыл, 4-5 қараша
Уақыты (Астана уақыты бойынша): 4 қараша, сағ. 10:00–12:00; 14:00–15:00
5 қараша, сағ. 10:00–12:00.
Ұйымдастырушы: Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана
Өткізу форматы: онлайн

Күні мен уақыты	Модульдер	Оқу тақырыптары
4 қараша 10:00–12:00	**1-модуль. Арнайы кітапхананың қазіргі библиографиялық қызметі**	**Негізгі мәселелер:** 1. Арнайы кітапхана қызметіндегі библиографияның рөлі. 2. Зағип және нашар көретін пайдаланушыларға библиографиялық қызмет көрсетудің ерекшеліктері. 3. Пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктері. 4. Арнайы форматтағы құжаттар: Брайль жүйесі бойынша басылымдар; «сөйлейтін» кітаптар; аудиокітаптар; электрондық құжаттар; рельефті-графикалық және тактильді басылымдар. 5. Зағип адамдарға арналған өлкетану библиографиясы: дәстүрлі көрсеткіштен цифрлық ресурстарға дейін. Практикум: «Библиографиялық сұраныс» Қатысушыларға нақты жағдайлар ұсынылады:

		• «Қазақстан тарихы туралы Брайль қарпімен жазылған кітап қажет». • «Қазақ тіліндегі аудиокітап қажет». • «Кеңістікте бағдарлануды үйренуге арналған әдебиет қажет». • «Белгілі бір жазушы туралы әдебиет қажет». • «Арнайы форматтардағы белгілі бір тақырыпқа арналған кітаптар туралы ақпарат қажет». **Міндеті:** сұраныстың түрін, іздеу көздерін және пайдаланушыға жауап беру формасын анықтау.
4 қараша 14:00–15:00	**2-модуль.** **Көру қабілеті бұзылған пайдаланушыларға анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсету**	**Негізгі мәселелер:** 1. Библиографиялық анықтама және библиографиялық кеңес беру. 2. Тақырыптық анықтамалар. 3. Нақтылаушы анықтамалар. 4. Мекенжайлық анықтамалар. 5. Фактографиялық анықтамалар. 6. Ауызша және жазбаша кеңестер. Практикум: «Библиографиялық анықтаманы орындау» Әр қатысушыға 1–2 библиографиялық сұраныс беріледі. Қатысушы: • сұраныстың сипатын анықтайды; • іздеу көздерін таңдайды; • қажетті ақпаратты табады; • жауапты рәсімдейді; • ақпаратты зағип пайдаланушыға қандай форматта ұсынған дұрыс екенін анықтайды.
5 қараша 10:00–11:00	**3-модуль.** **Библиографиялық құралдарды әзірлеу: идеядан дайын өнімге дейін**	**Негізгі мәселелер:** **1. Библиографиялық құралдардың түрлері:** • әдебиеттердің ұсынымдық тізімі; • библиографиялық көрсеткіш; • биобиблиографиялық көрсеткіш; • өлкетану көрсеткіші; • әдебиеттерге шолу; • оқырманға арналған жадынама; • аннотацияланған әдебиеттер тізімі. **2. Библиографиялық көрсеткіштің ұғымы және мақсатын талдау** 1. Библиографиялық көрсеткіштің түрлері 2. Библиографиялық көрсеткішті дайындау кезеңдері

		3. Тақырыпты, мақсатты және оқырмандық мақсатын анықтау 4. Құжаттарды іріктеу 5. Библиографиялық көрсеткіштің құрылымы 6. Библиографиялық жазбаларды құрастыру 7. Аннотациялар және басқа да түсіндірме элементтер. 8. Материалды жүйелеу және топтастыру 9. Көмекші көрсеткіштер. 10. Зағип және нашар көретін адамдарға арналған көрсеткіштерді дайындау ерекшеліктері 11. Электрондық библиографиялық көрсеткіштер 12. Редакциялау және сапаны бақылау. 13. Библиографиялық көрсеткіштердің үлгілері 14. Құрастырушының практикалық алгоритмі **Практикум:** «Шағын библиографиялық құрал жаса» Қатысушылар бір тақырыпты таңдап, мына ретпен әзірлейді: атауы → мақсаты → оқырмандық адресі → дереккөздер → іріктеу өлшемдері → құрылымы → 3–5 библиографиялық жазба → аннотация → қолжетімді ұсыну тәсілі. **Тақырыптар:** • «Арнайы форматтардағы қазіргі қазақ әдебиеті»; • «Менің туған өлкем»; • «Қолжетімді форматтардағы Қазақстан тарихы».
4 қараша 11:00–12:00	**4-модуль.** **Цифрлық технологиялар, жасанды интеллект және библиографтың кәсіби дамуы**	**Негізгі мәселелер:** 1. Библиографиялық ақпараттың цифрлық қолжетімділігі. 2. Электрондық каталогтар мен кітапханалар. 3. Цифрлық ортадағы библиографиялық қызмет. 4. Онлайн кеңес беру. 5. WhatsApp арқылы анықтама беру.

		6. Жаңа түскен басылымдар туралы Telegram-таратылым. 7. QR-кодтар және аудиоматериалдарға қол жеткізу. 8. Цифрлық библиографиялық өнімдер жасау. 9. Библиограф жұмысындағы жасанды интеллект. 10. Жасанды интеллект көмегімен алынған ақпаратты тексеру. 11. Қазіргі библиографтың кәсіби құзыреттері. **Практикум: «Библиограф + ЖИ»** Қатысушыларға бірнеше қарапайым тапсырма орындау ұсынылады: • аннотация құрастыру; • библиографиялық көрсеткіштің құрылымын ұсыну; • мәтінді аудиоформатқа бейімдеу; • пайдаланушыға арналған ақпараттық хабарлама дайындау. Одан кейін қатысушылар **алынған нәтижені тексереді:** фактілерді, есімдерді, даталарды, атауларды және библиографиялық деректерді.
	Қорытынды тапсырма	**«Арнайы кітапхананың библиографиялық жұмысын жетілдіруге арналған менің шағын жобам»** Жобада қатысушы мыналарды көрсетеді: 1. Қолданыстағы мәселе 2. Ұсынылатын шешім 3. Нысаналы аудитория 4. Қажетті ресурстар 5. Цифрлық құралдар 6. Күтілетін нәтиже Шағын жобаның көлемі **А4 форматындағы 2 беттен** аспауы тиіс.
Практикум аяқталған соң, қатысушыларға қорытынды тапсырманы орындағаны бойынша сертификат беріледі.		